

15.10.2015 ж.

**Ұлтының жанашыры – Алашұлы!****Жәнібек ӘЛИМАН**

Тірісінде аты аңызға көшкен «толық адамға» (Абай) фәни мен бақидың айырмашылығы шамалы... Есімі ұлтының жадында халқымен мәңгі жасап жүре береді. Бұл жайында хакім Абай «Арттағыға сөзің мен ісің қалса, өлсең де өлмегенмен боласың тең» дейді. Әрине, ұлы Абай мұнда «пайдасы өз басынан артылмаған» жартыкештердің тантық сөзі мен шала ісін емес, «ақыл, қайрат, жүректі бірдей ұстаған» толық адамды айтып тұр...

Алла қазақтың бағына берген Алаш арыстарынан кейін осындай тұлғаның бірегейі – Жұмабек Тәшеновтің 100 жылдығы биыл облысымызда атаусыз қалып бара жатқаны – көптен бері көңілді күпті етіп жүр еді. Көңілдегі күмән-күдікті Қарағандыдағы басқа рухани-мәдени мекемелер емес, Қарағанды мемлекеттік техникалық университетінің ұжымы сейілтті. Аталған білім ордасы өткен аптаның соңында «Ұлттық рухтың символы – Жұмабек Тәшенов» атты республикалық ғылыми-тәжірибелік конференция ұйымдастырып, оған еліміздің түпкір-түпкірінен тәшеновтанушылар келіп қатысып, таңертеңнен кешке дейін Ж.Тәшеновті жырлады. Алаш рухы аспанға көтерілді. Көтерілгені сол – білім ордасының кең залына лық толған қаракез студенттер Тәшеновтің қайсар рухынан сусындады. Енді қорытынды шығарып, елге бет бұру өз қолдарында Конференция материалдарын оқу орны өз баспасынан жинақ етіп шығарыпты. Бұл – тәшеновтануға қосылған олжа десек, артық айтқандық емес. Ұлттың мерейі сол ұлтқа тұғыр болған тұлғаларды ұлықтап, ұрпағына үлгі етсе – өседі. Ендеше, осындай ордалы істің ұйытқысы – ҚарМТУ-дың ректоры, ҚР ҰҒА академигі Арыстан Ғазалиевтің ерен еңбегін ерекше атап өткен жөн. Ұлттың ұлы болса, осындай-ақ болсын!

«Елін сүйген ерлік жасайды» деген қазақтың аталы сөзі тегін айтылмаса керек. Конференция ҚарМТУ-да өтіп жатқандықтан, менің есіме өмірінің соңғы жылдары осы оқу орнында математика пәнінен дәріс оқыған қазақтың тұңғыш математигі, Алаш арысы Әлімхан Ермеков түсті. 1920 жылы күллі КСРО-ны ашса алақанында, жұмса жұдырығында ұстаған Ленинмен келіссөз жүргізіп, алғаш рет Қазақстанның территориясын белгілеп, шекарасын бекітіп беруші бірінші қазақ еді ол. Сол Әлімхан Ермеков белгілеп берген шекарамызды жан қиярлықпен көзінің қарашығындай сақтап, бүгінге жеткізуші – осы Жұмабек Тәшенов елін, жерін қорғағаны үшін кейін қызметінен төмендетіліп, қудаланды. Оны байқаған халық сүйікті ұлын «кісендеулі жолбарыс» атап, атын тірісінде-ақ аңызға айналдырып әкетті. Н.Хрущев кезінде «Тың өлкесі» деп қазақ жерінің шұрайы – Солтүстік Қазақстандағы бес облысты (Ақмола, Көкшетау, Павлодар, Қостанай, Солтүстік Қазақстан) Ресейге, Оңтүстік Қазақстанның біраз жерін Өзбекстанға қосып, қазақ жерінің ту-талақайын шығармақ болғанда, бір-ақ ауыз сөзбен тойтарыс беріп, жерді аман алып қалған Жұмабек Тәшеновті Әлихан мен Әлімхандардың жалғасы демей көр! Доспамбетше айтсақ, «айнала бұлақ басы тең, Жұмабектің Әлихан мен Әлімханнан несі кем?!». «Онда біз КСРО конституциясын халықаралық сотқа береміз» деп айбаттанып, Жұмабек Ахметұлы шықпағанда қазір Астананың қазақ иелігінде болу, болмауы екіталай еді!.. Сол үшін Алла бізге «астана жұртын айналған» (Бұқар жырау) Жұмабектей ұлды берді. Ал, біз, ұрпақтары, Жұмабектей тұлғаны насихаттауға келгенде, түкке тұрғысыз қаражатты сылтауратып, қажыр-қайрат, уақытымызды қимай қалатынымыз қинайды кейде. Мұнымыз – Алла, аруақ алдындағы жазығымыз. Қазақ халқы мемлекет және қоғам қайраткері Жұмабек Тәшеновке мәңгі қарыздар.

Конференцияның ашылу салтанатында алғашқы құттықтау сөзді Арыстан Ғазалиев сөйледі. Айбары әлем тітіреген КСРО басшысының бетін қайырған қайраткер тұлға жайында деректі кино көрсетілді. Филология ғылымдарының кандидаты, белгілі айтыскер акын Айтбай Жұмағұлов Жұмабек Тәшеновке арнау айтып, жырдан шашу шашты. Алғашқы баяндаманы ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты, экономика ғылымдарының докторы, ҚарМТУ-дың құрметті профессоры Тұрсынбек Өмірзақов жасады. Конференция барысында мәдениет қайраткері, драматург, акын Баянғали Әлімжанов, тәшеновтанушы, жазушы Мейрам Байғазин, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының жетекші ғылыми қызметкері, педагогика ғылымдарының кандидаты, «Жұмабек Тәшенов» кітабының авторы Сейтқали Дүйсен, ҚР БҒМ ҒК Мемлекет тарихы институтының бас ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы, профессор Ғани Қарасаев, Е.Бөкетов атындағы ҚарМУ-дың профессоры, экономика ғылымдарының докторы Рашит Каренов, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, тарих ғылымдарының докторы Мақсат Алпысбес, Л.Гумилев атындағы ЕҰУ профессоры, филология ғылымдарының докторы Сағымбай Жұмағұлов және тағы басқа ғалымдар баяндамаларын оқыды. Сондай-ақ, қайраткердің ұрпақтары – Фатима Садыққызы Тәшенова мен Лилия Абдушкурова сөз сөйлеп, осындай шараны өткізіп отырған ұйымдастырушыларға алғыстарын білдірді.